

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 14 наурыздағы
№ ДС-109 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздің қазақ халқының материалдық емес рухани мұрасын дамытуға қатысты депутаттық сауалыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

1. 2003 жылғы Конвенцияны іске асыру мақсатында тиісті уәкілетті орган «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» заң жобасын әзірлеуді жеделдетуі қажет.

2011 жылы Қазақстан «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» халықаралық конвенцияны (бұдан әрі – Конвенция) ратификациялады (2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 514-IV заң). 2013 жылы Конвенцияға қатысушы мемлекет ретінде Материалдық емес мәдени мұраның Ұлттық тізімі (бұдан әрі – Ұлттық тізім) бекітілді, 2023 жылы оған толықтырулар енгізілді.

Анықтама үшін: МСМ 2013 жылғы 1 наурыздағы № 50 бұйрығымен бекітілген Ұлттық тізбеге беташар, айтыс, батырлар жыры және т.б. 45 элемент енгізілсе, 2023 жылы 88 ұлттық элементпен толықтырылды (Министрдің міндетін атқарушының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 515-нқ бұйрығы).

Ұлттық тізбеге енгізілетін элементті айқындау мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігі жанынан мәдениет саласындағы тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі – МАМ), сонымен қатар Ұлттық тізбені жүргізу секциясы құрылды (МСМ-ның 2023 жылғы 29 маусымдағы № 158 бұйрығы).

Мәдени мұраның репрезентативті тізіміне материалдық емес мәдени мұраның 13 элементі енгізілген.

Сонымен қатар, қазақ мәдениетіне қатысты 2 элемент – салбурын мен беташар ЮНЕСКО-ның бағалау комитетінің қарастырылуында және 2024-2025 жылдарға арналған материалдық емес мәдени мұра конвенциясының үкіметаралық комитетінің құрамына енгізіледі. Сонымен қатар 2024-2025 жылдары үйлестірушісі Өзбекстан Республикасы болып табылатын сюзанна-кестелеу өнері бойынша көпұлтты номинацияны енгізу жоспарлануда.

Сондай-ақ 2011 жылы Мәдени құндылықтарды заңсыз әкелуге, әкетуге және меншік құқығын беруге тыйым салу және оның алдын алу құралдары туралы конвенция ратификацияланды (2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 507-IV Заң).

Осылайша, елімізде материалдық емес мәдени мұраны сақтау және жаңғырту шаралары қолданыстағы заңнамамен реттеледі және жеке заң қабылдауды қажет етпейді.

2. Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің және оларды сақтайтын мұрагерлердің облыстық және республикалық тізбесін жасау.

Қазақстан Конвенцияға қатысушы мемлекет ретінде 2024 жылы ЮНЕСКО жанындағы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитетке Мерзімді есеп (бұдан әрі – Мерзімді есеп) ұсынатын болады.

Анықтама үшін: Мерзімді есеп 2024 жылдың 15 маусымынан (алдын ала) және 15 желтоқсаннан кешіктірілмей жіберілу керек.

Осыған байланысты Мерзімді есепті дайындау үшін Ведомствоаралық комиссия құрылды.

Конвенция талаптарына сәйкес Ұлттық тізімге және ЮНЕСКО-ның Репрезентативті тізіміне енгізілген ұлттық элементтерді (әр өңірдің ерекшеліктеріне қарай) кеңінен насихаттау және пайдалану бойынша өңірлерде жүргізіліп жатқан жұмыстарды жан-жақты зерделеу үшін сараптамалық топ құрылды.

Мерзімді есеп шеңберінде облыстық және республикалық деңгейде материалдық емес мәдени мұра элементтерінің және мұрагерлердің тізімдері дайындалады.

3. Материалдық емес мәдени мұраны жинаумен, қорғаумен, зерттеумен және облыстарда кешенді этнографиялық, фольклорлық және музыкалық экспедициялар ұйымдастырумен айналысатын ғылыми-зерттеу институтын немесе орталықты ашу туралы.

2022 жылы қазақтың тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, сақтау, жаңғырту және насихаттау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі жанынан Мәдени мұраны ғылыми-зерттеу институты (бұдан әрі – Институт) құрылды.

Институттың штат саны 28 бірлікті құрайтын, 4 бөлім және 2 зертханадан тұрады.

Анықтама үшін: Институт штатында: 1 Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, 2 тарих ғылымдарының докторы, 1 филология ғылымдарының кандидаты, 1 философия докторы (PhD), 6 докторант (PhD) және 5 магистр бар.

2021-2023 жылдар аралығында институттың ғылыми қызметкерлерімен 13 археологиялық (2022 ж. – 2, 2023 ж. – 11) және 16 далалық экспедициялар (2021 ж. – 6, 2022 ж. – 8, 2023 ж. – 2) ұйымдастырылды.

Осы кезеңде Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржыландыруымен жүзеге асырылған мақсатты гранттық жобалар шеңберінде қазақстандық ғалымдар мен Корея, Жапония, Моңғолия ғылыми қауымдастығының қатысуымен Өзбекстан аумағында, Ақмола, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында далалық экспедициялар жүргізілді.

Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі халық ауыз әдебиетін, музыкалық мұраны, көркем өнер үлгілерін жинау бойынша «Шетел

қазақтарының фольклоры, әдебиеті мен өнері», «Шетел қазақтарының фольклоры, әдебиеті мен өнері», ғылыми экспедициялар өткізілді. «Қазақ фольклоры мен музыкасына 1000 жыл» бағдарламасы аясында мәдени мұраны жинау мақсатында Қазақстанның аймақтарына бірқатар ғылыми экспедициялар жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты материалдық емес мәдени мұраны зерттеумен айналысады. Әр жылдары институт ғалымдарының тікелей қатысуымен 100 томдық «Бабалар сөзі», 20 томдық «Әдеби жәдігерлер», 10 томдық «Дала фольклорының антологиясы», 3 томдық «Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясы», «Ұлы даланың көне мотивтері» атты 2 томдық жарық көрді.

Материалдық емес мәдени мұраны зерттеу жұмыстары Мәдени мұраны ғылыми-зерттеу институты мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметі аясында әрі қарай жалғасады.

4. Жетекші арналарда материалдық емес мәдени мұраны насихаттау бағдарламаларын ашу қажет.

Қазақ халқының мәдениеті мен материалдық емес мәдени мұрасын танымал етуде және насихаттауда бұқаралық ақпарат құралдары орасан зор рөл атқарады.

Абай телеарнасы 4 жылдан бері «Сана», «Сарасөз», «Інжу-маржан», «Театр», «Дәуір даналары», «Алтын қақпа», «Бірегей» сынды тележобаларды жүзеге асырып келеді.

2023 жылы «Қазақстан» ұлттық телеарнасы «Бүркітші қыз» сериалы, атбегілік өнері туралы «Ұлбосын» сериалын ұсынды. Сонымен қатар «Дара жол», «Дала дәмі», «Алтын қақпа» және басқа да телебағдарламалар арқылы қазақ халқының ұлттық мұрасы насихатталуда.

«Қазақ радиосы» мен «Шалқар» радиосы республикаға және әлемге танымал өнер майталмандарының «Алтын қор» жинағын қалыптастырды.

Бұл жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде.

Т. Дүйсенова